

Аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 18158 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 29.10.2025 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың үлгілік нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 29.10.2025 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Балық аулау және балық шаруашылығын жүргізу шарттарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 18-04/16 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10229 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2018 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 542 бұйрығына

1-қосымша

Үлгілік нысан

Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт

Ескерту. Үлгілік нысан жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.09.2022 № 594 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (елді мекен) 20__ жылғы " __ "

_____ облысы әкімдігінің 20__ жылғы " __ "

№__ қаулысы негізінде, бұдан әрі "Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі"

деп аталатын, Ереже негізінде әрекет ететін _____,

(Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі) бір тараптан және бұдан әрі

"Пайдаланушы" деп аталатын, _____ негізінде әрекет

ететін _____

— (заңды тұлғаның атауы немесе азаматтың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, мекенжайы)

атынан _____

(аңшылық ісін пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты:

1-тарау. Шарттың нысанасы

1. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі

_____ облысы _____ ауданында,

_____ шекараларында (осы шартқа қоса берілген аңшылық шаруашылық паспортында көрсетілген межелі нүктелер мен басқа да параметрлерге сәйкес шекаралардың сипаттауын көрсету керек) орналасқан, жалпы алаңы _____ гектар, оның ішінде: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері _____ гектар, мемлекеттік орман қорының жер учаскелері _____ гектар, мемлекеттік жер қорының жер учаскелері _____ гектар; су айдындары _____ гектар; басқалары _____ гектар болатын Пайдаланушыға бекітіп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Пайдаланушының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жолдамалар беруге және олардың пайдалану мерзімін белгілеуге;

2) жануарлар дүниесін пайдаланудың тек рұқсат берілген түрлерін ғана жүзеге асыруға;

3) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

4) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аңшылық олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

5) жануарлар дүниесін пайдалануға жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға ;

6) белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін уақытша құрылысжайлар салуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қарумен қамтамасыз етуге;

8) аң-құс өсіруді жүзеге асыруға және аң-құс өсіруге (еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда) арналған аумақта әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуге, сондай-ақ аң-құс өсіру нәтижесінде өсімі молайған жануарларды өз бетінше пайдалануға құқығы бар.

3. Пайдаланушы:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат алынған жер бойынша жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақыны дер кезінде төлеуге;

3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

4) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

5) жануарлар дүниесін табиғи қауымдастықтар тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатыгез қарауға жол бермейтін халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілдермен пайдалануға;

6) пайдаланылатын жануарлар дүниесі объектілері санының жыл сайынғы есебін жүргізіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есеп беріп тұруға;

7) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғау мен өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азайып кетуіне жол бермеуге;

8) аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін бекітуге;

9) жеке тұлғаларға олардың жазбаша және ауызша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуге жолдама беруге;

10) шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыруға сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шаралар жүргізуге;

11) аңшылар орнатуға;

12) _____ адам мөлшерінде қорықшылық қызметін құруға;

13) ветеринариялық іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етуге;

14) 20 __ жылғы "___" _____ дейін шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыруға және оның орындалуын қамтамасыз етуге;

15) аңшылық алқаптарды бекітіп беруге арналған конкурсқа қатысу кезінде Пайдаланушы мәлімдеген міндеттемелерді орындауға;

16) осы шарттың талаптарын орындауға;

17) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау мақсатында тексерістерді жүзеге асыруға кедергі жасамауға;

18) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ведомствоның аумақтық бөлімшесіне жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарттар туралы, оның ішінде оларды бұзу туралы ақпарат жіберуге;

19) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төсбелгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

20) табиғатты қорғау және жануарлар дүниесін пайдалану саласында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге;

21) зоологиялық коллекцияның жасалғаны туралы уәкілетті органның ведомствосын хабардар етуге міндетті. Уәкілетті органның ведомствосына

хабарламалар беру қызметтің жүзеге асырылуы басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады;

22) бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шараларды аңшылық шаруашылығы субъектілері есебінен қаржыландыруға;

23) бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша өндірістік бақылауды қамтамасыз етуге;

24) жеке тұлғаларға әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүзеге асыру үшін сервитут беруге;

25) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға міндетті.

4. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзырет шегінде:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізу шартының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

5. Пайдаланушы осы шарт бойынша міндеттемелерін ешкімге толықтай да, ішінара да бермеуі тиіс.

6. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат береді.

7. Пайдаланушы осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8. Пайдаланушының құқықтары бұзылған жағдайда, Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4-тарау. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары

9. Егер шарттың қандай да бір міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күштің мән-жайларынан туындаса, Тараптардың ешқайсысы осылай орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

10. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

11. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында почтамен немесе факсимильді байланыспен еңсерілмейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі дереу хабардар етеді.

12. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізеді және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін заңнамаға қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

13. Осы тарауда көрсетілген еңсерілмейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, олар заңды болып танылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

14. Осы шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 20 __ жылғы " __ " __ дейін __ жыл мерзімге жасалды.

15. Осы шарттың қолданылуы:

- 1) аңшылық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;
- 2) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) Пайдаланушының қызметі тоқтатылған;
- 4) аңшылық алқаптар және (немесе) учаскелер бекітіп берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мемлекет мұқтаждығы үшін алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.

16. Аңшылық шаруашылығын жүргізу жөніндегі дауларды шешу кезінде тараптар осы шарттың талаптарын, шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

17. Есепке алу алаңдары мен жануарлардың маршруты көрсетіле отырып жоспарланған аңшылық шаруашылықтардың карта-схемалары бар осы шартқа қосымшаға сәйкес бекітілген нысандағы паспорт осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Осы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған екі тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған болса, олардың заңды күші болады және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Тараптар осы шарттан туындайтын дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

20. Осы шарт заңдық күші бірдей _____ данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

6-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі

Пайдаланушы _____

(атауы) (атауы)

(почталық мекенжайы)

(почталық мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(банктік деректемелері)

(лауазымы, аты, әкесінің аты (лауазымы, аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі) (бар болса), тегі)

(қолы, мөрі (бар болса))

(қолы, мөрі (бар болса))

Аңшылық шаруашылығының паспорты 1-тарау.

Аңшылық шаруашылығының сипаттамасы

1. Аңшылық шаруашылығының атауы: _____

2. Пайдаланушы: _____

(ұйымның атауы және мекенжайы)

3. Негіздеме - _____ облысы әкімдігінің 20__ жылғы "___" _____ № _____
қаулысы

және 20__ жылғы "___" _____ 20__ жылғы "___" _____ дейін _____ жыл
мерзімге

жасалған _____ мен _____ арасындағы 20__ жылғы

"___" _____ № _____ аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт.

Бекіту мерзімі _____ жыл, 20__ жылғы "___" _____ 20__ жылғы "___" _____
дейін.

4. Аңшылық шаруашылығы _____ облысы _____
ауданының аумағында орналасқан.

5. Аңшылық шаруашылығының шекаралары _____ (межелі
нүктелерге сәйкес шекаралардың сипатталуы көрсетілуі керек)

6. Аңшылық шаруашылығының алаңы: _____ гектар, оның ішінде: мемлекеттік
орман қорының жерлері _____ гектар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы бекітіп берілген
жерлер _____ гектар, су айдындары _____ гектар; мемлекеттік жер қоры жерлері _____ гектар,
өзгелері _____ гектар.

7. Аңшылық шаруашылығындағы қорықшы учаскелердің (айналмалардың) саны:

2-тарау. Аңшылық ісінің көрсеткіштері

8. Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін 20__ жылы _____
_____ орындады.

(орындаушы)

9. _____ аңшылық шаруашылығының санаты, аңшылық шаруашылығы қызметінің негізгі бағыты: жануарлар дүниесі түрлерінің әр алуандылығын, олардың мекендеу ортасын, жануарларды, оның ішінде аң аулау объектісіне жатпайтындарды, тұрақты пайдалануды, өсімін молайтуды және қорғауды сақтау, әуесқой (спорттық) аң аулауды ұйымдастыру.

10. Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалау шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыру материалдарында келтіріледі.

11. Аңшылық алқаптардың жануарлар түрлері бойынша өткізу қабілеті:
суда жүзетін аң-құстар бойынша: _____;
егіс және дала аң-құстары бойынша: _____;
орман аң-құстары бойынша: _____;
батпақты жерлердің аң-құстары бойынша: _____;
қырғауыл бойынша: _____;
қоян бойынша: _____;
тұяқты жануарлар бойынша: _____;
өзге түрлер: _____;

(түрлердің атауы)

12. Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыру көрсеткіштері

р/с №	Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісінің көрсеткіштері	20__ ж.	20__ ж.	20__ ж.	20__ ж.	20__ ж.
1	Жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуға арналған учаскелер: Саны/алаңы					
2	Дамылдау аймақтары: Саны/алаңы					

3	Аншлағтар саны					
4	Мұнаралар саны					
5	Кепелер саны					
6	Басқалары					

13. Аңшылық шаруашылығының штаты:

р/с №	Ш т а т т ы қ лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны	Жылдық жалақы (мың теңге)	Ескертпелер
1	Директор			
2	Аға аң танушы			
3	Аң танушы			
4	Аға қорықшы			
5	Қорықшы			
6	Басқалары			

3-тарау. Өсімді молайту көрсеткіштері

14. Аңшылық шаруашылығы үшін зиянды жануарлардың санын шектеу:

р/с №	Ауланғаны (бас)	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Қасқыр						
2	Шибөрі						
3	Қаңғыбас иттер мен мысықтар						
4	Қарға-құзғы н тұқымдаста ры						
5	Басқалары						

15. Жануарларды аңшылық шаруашылығына шығару

р/с №	Жануар түрі	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1						
2						
3						

16. Аңшылық шаруашылығында биотехникалық іс-шаралар жүргізу (бірліктер саны)

р/с №	Жасалды	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Жасанды ұялар						
2	Ұсақ тастақ жерлер						
3	Суаттар						

4	Сортандар						
5	Тұрақты астаулар						
6	Қоректендір у алаңқайлары						
7	Құс қанаты қомдалатын жерлер						
8	Құстар бой тасалайтын бұталар						
9	Шабылған жерлер						
10	Өзгелері						

17. Аңшылық шаруашылығының аумағында есепке алынған аңшылық жануарлары (дарак):

№	Жануарлар түрлері	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1						
2						
3						
4						
5						

18. Жабайы жануарлар үшін дайындалған және салынған азық және үстеме азық

p/c №	Азық түрлері	Дайындалған азық көлемі (бөлімінде - дайындалғаны, алымында - салынғаны)				
		20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Пішен (тонна)					
2	Сыпырғы мен бұтақшалар (центнер)					
3	Та мыр жемістер (центнер)					
4	Астық (центнер)					
5	Астық қалдығы (центнер)					
6	Жеміс-жидектер (центнер)					
7	Басқа азықтар (центнер)					

8	Т ұ з (килограмм)					
9	Өзгелері					

19. Аңшылық шаруашылығы қызметіне жұмсалған еңбек үлесі

р/с №	Жұмыстар атауы	Бірлік өлшеу	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Алкаптарды қорғау					
2	Биотехникалық іс- шаралар					
3	Мәдени-ағарту жұмыстары					
4	Басқалары					

4-тарау. Экономикалық көрсеткіштер

20. Браконьерлікпен күрес

р/с №	Анықталған қағидаларды бұзу фактілері	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Аң аулауда				
2	Өзгелерінде				

21. Аңшылық шаруашылығында аң аулайтын иттердің, еліктіруші үйректердің болуы

р/с №	Түрлері	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл	20_ жыл
1	Аң аулайтын иттер				
2	Еліктіруші үйректер				
3	Өзгелері				

22. Аңшылық шаруашылығындағы құрылыстардың болуы

р/с№	Құрылыс түрі	Салынған жылы	Саны	Алаңы (шаршы метр)	Төсек орнының саны	Ескертпе
1	Қорықшы кордоны					
2	Басқа да құрылыстар					

23. Аңшылық шаруашылығындағы көліктердің болуы

р/с №	Көлік түрлері	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
1	Ж ү к автомашиналары					
2	Жеңіл автомашиналар					

3	Мотоциклдер					
4	Қайықтар					
5	Аттар					
6	Қаршаналар					
7	Өзгелері					

Пайдаланушы: _____

_____ / _____ /

Аңшылық шаруашылығының паспортын Пайдаланушы жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанында статистикалық және бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырады. Паспортқа аңшылық шаруашылығының шекаралары мен межелі нүктелері көрсетілген карта-схема және жануарлардың есепке алу аландары мен есепке алу маршруттары көрсетілген карта-схема қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
Министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 542 бұйрығына
2-қосымша

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (кәсіпшілік немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу кезінде)

Ескерту. 2-қосымша алып тасталда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 29.10.2025 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 542 бұйрығына
3-қосымша

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде)

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.09.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 29.10.2025 № 291 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК